

Шұқыжанова А.Н.,  
Серикбаева А.Т.

**Қырғызстан-Өзбекстан  
мемлекеттік шекарасы:  
қалыптасуы, мәселелері және  
айқындалу барысы**

Мақалада Қырғызстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының өткен ғасырдың 20 жылдарынан осы кезге дейінгі құрылуы, қалыптасуы барысында кездескен мәселелер қарастырылады. Орталық Азия республикалары XX ғасырдың 20-30 жылдары ұлттық территориалды делимитациялау нәтижесінде пайда болды және де шекараны құру кезінде Кеңес үкіметінің осы аймақта өмір сүріп жатқандардың этникалық, шаруашылық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескермеуі мемлекеттік шекараны делимитациялау кезінде түрлі қиындықтар туғызды. Бұрынғы кеңес республикалары арасындағы шекара тек 1990 жылдардың соңында ішкі және сыртқы факторлар әсер еткеннен кейін ғана анықтала бастады. Қорытындылай келе, автор шекара маңындағы территориялардағы қарама-қайшылықтарға қарамастан қырғыз-өзбек мемлекеттік шекарасының 80% делимитацияланғандығына тоқталады. Шекараның шешілмеген 20%-ы бүгінгі күні әртүрлі мемлекетаралық қақтығыстарға әкелуде.

**Түйін сөздер:** Өзбекстан, Қырғызстан, мемлекеттік шекара, делимитация, демаркация, ұлттық территориалды межелеу.

Shukyshanova A.N.,  
Serikbayeva A.T.

**Kyrgyz-Uzbek state border:  
formation, problems and the  
stages of delimitation**

The article deals with the issues of the Kyrgyz-Uzbek border formation since 20-ies of the last century to the present day. The Central Asian Republics were established by the Soviet power in 20-30 years of XX-th century as a result of the national-territorial division of the states. During the borders delimitation ethnic, economic, social features was not fully taken into account. Their boundaries were determined arbitrary. Formal borders that were artificially created by the Soviet power have become a means of political manipulation and lead to problems during the delimitation of inter-state limits. The formation of borders between former Soviet republics actually began in the late 90s of the 20th century, due to internal and external factors. In conclusion, the author points out that, in spite of the contradictions arising in border areas, 80% of the Kyrgyz-Uzbek border has been delimited. Remaining 20% of the inter-state border lead to conflicts today.

**Key words:** Uzbekistan, Kyrgyzstan, the state border, delimitation, demarcation, national territorial division.

Шұқыжанова А.Н.,  
Серикбаева А.Т.

**Қырғызско-үзбекская  
государственная граница:  
становление, проблемы и  
этапы определения**

В статье рассматривается становление и проблемы формирования кыргызско-узбекской государственной границы начиная с 20-х годов прошлого века по сегодняшний день. Республики Центральной Азии были созданы советской властью в 20-30 гг. XX-го века в результате национально-территориального государственного размежевания. При определении границ в полной мере не были учтены их этнические, хозяйственные, социальные особенности. Их границы определялись условно, часто даже произвольно. Искусственно созданные советские и формальные границы стали средством политического манипулирования и привели к проблемам во время делимитации межгосударственных границ. Оформление границ между бывшими советскими республиками реально началось в конце 90-х годов 20 века благодаря внутренним и внешним факторам. В заключении автор констатирует, что, несмотря на возникающие противоречия на приграничных территориях, 80% кыргызско-узбекской границы было делимитировано. Нерешенные 20% межгосударственной границы приводят к межгосударственным конфликтам по сегодняшний день.

**Ключевые слова:** Узбекистан, Кыргызстан, государственная граница, делимитация, демаркация, национальная территориальное размежевание.

**ҚЫРҒЫЗСТАН-  
ӨЗБЕКСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ШЕКАРАСЫ:  
ҚАЛЫПТАСУЫ,  
МӘСЕЛелЕРІ ЖӘНЕ  
АЙҚЫНДАЛУ БАРЫСЫ**

Қырғызстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы 1991 жылы Кеңес Үкіметі ыдырағаннан кейін халықаралық шекараға айналғанымен шекара тарихы 1924 жылдың қазанынан басталады. 1920 жылдарға дейін бұл жерде шекара тұрмақ Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері де болмады.

Тарихқа сүйенетін болсақ, бірнеше мемлекеттік шекараны қамтитын Ферғана алқабын әркездері әртүрлі топтар жаулап алып, мекен еткен. Грек, араб, моңғол, түріктер сияқты тағы да басқа жаулап алушылар алқаптың әлеуметтік және саяси географиясына азды-көпті із қалдырды.

Батыс ғалымдары бұл жерде мекен еткен халықтың тегін анықтау күрделі деп мәлімдесе, көптеген өзбекстандық және қырғызстандық тарихшылар он тоғызыншы ғасырдағы Ферғана алқабындағы этникалық топтардың рөлін ерекше атап көрсетеді. Алқап ол кезде мемлекеттерге бөлінбеді, алайда Қоқан хандығының орналасқан жері болатын. Хандық ұлттық мемлекет емес, 1709 жылы Шахрух бей басқаратын Бұхара әмірлігі қоршап жатқан династиялық, феодалды мемлекеттік құрылым болатын. Қоқан хандығы негізгі басшыға бағынатын көсем, әмір және әскер басшыларының агломерациясы. 1876 жылы патшалық Ресейдің әскери жаулап алулары өз кульминациясына жетіп, Қоқан хандығын аннексиялап бұл жерлерді Түркістан генерал-губернаторлығына қосты [1].

*Ұлттық территориялды делимитация.* Орталық Азия 1920 жылдарға дейін Большевиктер қарамағына толығымен өтіп, ұлттық территориялды делимитациялау үрдісі арқылы біріктірілді. Кеңес Үкіметі бірнеше этностық одақтас республикаларға бөлінді [2]. Бұл үрдіс Орталық Азия үшін басқа Кеңес республикаларына қарағанда радикалды болды. Басқа Кеңес республикалары бұрынғы өз атаулары арқылы анықталып (мысалы, орыстар және армяндар), территориялары бекітілсе, Орталық Азияда осыған дейін этностық құрылым бойынша бөліну дәстүрі сирек кездескен немесе мүлде болмаған. Кеңес билігі қолданылмай кеткен немесе қолданылмайтын ортағасырлық атауларды өз бетінше таңдап алып, аймақтағы халықты осы атаулармен саяси декрет бойынша бөлген. Аймақтық диалект тіл ретінде бекітіліп, ұлттық тарихнама құрылды, жергілікті тұрғындар ресми бекітілген жерлерде тұруы қажет болды,

қалалар, кейде тіпті ауылдар этникалық одақтас республикаларға қатысы болмаса да астанасы болып бекітілді.

1924 жылы Орталық Комитеттің Орталық Азиялық Бюросы Кеңестік Өзбек Социалистік Республикасын КСРО-ның толық конституциялық мүшесін құруды ұсынды, ал сол кездегі Қырғызстан Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасына Қара-Қырғыз Автономды аймағы болып кірді (1936 жылы ғана Қырғыз КСР болып толық одақтық статусын алды). Бұл құрылым Сталиннің «тарихи қалыптасқан ортақ тіл, территория, мәдениеті негізінде құрылған адамдардың қауымдастығы» концепциясына сәйкес құрылған [3]. Бұл ұсыныс 1924 жылы қазанда Ресей Коммунистік Партиясының Бас Комитетінде ресми бекітілді.

Осылайша Қырғызстан-Өзбекстан шекарасы Мәскеу мен Ташкентте Большевик билігінің жоғары идеологиялық саяси үрдістері арқылы пайда болды. Шекараның карта мен аумақта белгіленуін аймақтың партия қызметкерлері жүзеге асырды. Территорияны бөлген кезде жаңа республикалардың географиялық тұтастығы, экономикалық негіздемесі және этникалық біртұтас болуы керек деген критерийларға көңіл бөлді. Бұл талаптарды орындау этностар әртүрлі жерлерде біркелкі орналаспағандықтан мүмкін емес еді. Шекаралық геодезистер адамдар өздерінің санақ категориясына сәйкес келмейтін этнонимдерді пайдаланғандықтан оларды топтастыру кезінде қиындықтар туындағанын мәлімдеді. Ұлттық территориялды делимитациялау даулы аумақтарды басқаруға қатысты мемлекет басшыларының саяси шиеленістерін қамтиды. Этнотерриториалды дауларды реттеу үшін құрылған комиссияға есеп беру кезінде өзбек және қырғыз басшылары маңызды экономикалық жерлердегі топтардың этностық құрамы жайында дауласты [4]. 1927 жылы бірнеше айдан кейін Исфара мен Сох Өзбек КСР-не берілсе, одан кейін Қырғыз КСР-не өтіп, соңында өзбек топтарының қысымымен Өзбек КСР-не қайтарылды.

Делимитацияны зерттей келе өзбектер мен қырғыздар комиссияға ұсыныс жасау арқылы жаңа саяси сферада қалай жұмыс істеу керек екендігін үйреніп, ұлт ретінде тілдік, экономикалық және этникалық ерекшеліктерін көрсетуді меңгергенін көруге болады. Сондықтан да бұл мемлекеттік шекара Кеңес Үкіметінің ғана көмегімен құрылған жоқ. Керісінше, Кеңес Үкіметін құруға көмектесті. Бұл үрдіс осы уақытқа дейінде қай жерде орналасқандығы белгісіз өзбек-қырғыз халықтарының шекарасының нақты

қай жерде екендігін көрсетпесе де, Кеңестік өзбек және қырғыз халықтарын құруға көмектесті. Шекараның құрылуы мен 1920 жылдардағы картографияда пайда болуы, сонымен бірге бұрыннан келе жатқан және жаңадан пайда болған элиталар арасындағы бірнеше жергілікті дау-дамайлар Орталық Азияда жаңа саяси географияның, әсіресе территориялды ұлтшылдықтың пайда болуына себеп болды.

*1927–1991: шекаралық мозайканың құрылуы.* Ұлттық территориялды делимитациялаудан Орталық Азия республикаларының тәуелсіздігін алғанға дейінгі аралықта Қырғыз және Өзбек Кеңес Одақтас Республикалары арасындағы шекара әртүрлі және көптеген өзгерістерге ұшырады [5].

Демаркацияны жүргізу әрекеті кезінде шекараға өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерді енгізу себебін Кеңес Үкіметі былай деп түсіндіреді: 1924 жылғы Ресей Коммунистік Партиясының Бас комитеті кездесулері мен талқылаулары нәтижесінде шекара дұрыс белгіленбей, одан кейінгі жылдарда Қырғыз және Өзбек КСР-лерінің тікелей келісімдері арқылы шекара қайта дұрыс белгіленді. 1927 жылы Сталин паритетті комиссияның жұмысы аяқталмаса да жабуды бұйырды. Екі жылдан кейін ол қайтыс бола салысымен республикааралық дауларды шешу үшін біріккен Өзбек және Қырғыз КСР-лерінің шекараны демаркациялау комиссиясы құрылды. Шекара сызығының кейбір жерлері өзгертілді және кейбірі алынып тасталды. Азғантай прогреске қол жетті, алайда демаркациялау жұмысы басталғанымен ешқашан біткен емес [6].

Аталған шекараны құрғанда Кеңес билігі бұл шекара болашақта халықаралық шекара болады деп құрмаған, тіпті аймақтық және жергілікті билік өкілдері де былай деп ойламаған. Сол жерде тұратын халықтың өзі де шекараны Өзбекстан мен Қырғызстанның шекарасы деп бөлмеген. Кеңес экономикалық жоспарлауы сондықтанда мемлекеттерді бір-біріне тәуелді қылу үшін шекара маңында ортақ электр қуаты, газ, ирригация, транспорт және экономикалық жүйе құрды. Траншекаралық динамикаға қыруар зардаптарын тигізді. Халқы тығыз орналасқан Өзбек КСР-і халық саны өзбектерден қарағанда аз Қырғыз КСР-інен ауылшаруашылығы мен өндіріс қажеттіліктері үшін жер телімдерін жалға алды. Бұл келісімшарттар белгілі бір уақытқа құрылған болатын, алайда жердің төлемі берілмей, тіпті уақыты келгенде жалға алынған жер телімдері қайтарылмады. Мысалы, 1982 жылы Қырғыз және Өзбек КСР-лерінің Үкіметі Қыр-

ғызстан жерінде Сох суқоймасын салу туралы келісімге келген болатын. Өзбек КСР-інің Ферғана алқабындағы мақта егіні осы және де басқа Қырғыз КСР-інде құрылған су қоймалары арқылы суарылатын да, шикі мақта өңдеуге Өзбек КСР-іне Оштағы зауытқа апарылатын.

Кеңес билігі кезінде осындай жоспарлау нәтижесінде құрылған динамикалық шекаралық облыста едәуір трансшекаралық көші-қон пайда болды. Шекара бақылау қызметінің әлсіздігі арқасында бір жерден екінші жерге көшу оңай болды және де Кеңес Үкіметінің Ферғана алқабынан басқа жерлерінде бар паспорт – тіркеу қызметінің болмауы демографиялық мобильділікті шектеуге мүмкіндік бермеді. Автобустар күнде Қырғыз КСР-інен Өзбек КСР-індегі зауытқа жұмысшыларды таситын. Сонымен бірге, Кеңес билігінің орнауымен Ферғана алқабының тарихында бұрын-соңды болмаған, жаппай барлығына бірдей міндетті білім беру жүйесі енгізілді. Бір республиканың азаматтары екінші бір кеңестік республиканың жоғары білім беру институтында білім ала алатын болды. Ферғана алқабында азшылық этностар өз ана тілдерінде жоғары білім алу үшін шекарадан еркін өтуге мүмкіндіктері болғандықтан, жоспарлаушылар Ферғана алқабындағы басқа кеңестік республикалардағы азшылықтарға жоғары білім беретін институттар салуды қажет емес деп есептеді. Бұндай алмасулар жаңа әлеуметтік жүйе құрып, бұрынғы топтастар дос болып, тіпті кейбіреулері бітіргеннен кейін бір-біріне үйленіп жатты. Осы экономикалық және демографиялық ағынды көлікпен қамтамасыз ету үшін салынған транспорт желісін құрарда (кейбірі, әсіресе теміржол патшалық Ресейден мұраға қалған) республикалардың шекарасы әдейі ескерілмеген. Қырғыз КСР-нің Ош/Жалал – Абад (қазір Жалалабат) аймақтық оңтүстік орталығы мен астанасы Фрунзенің (қазір Бішкек) арасындағы басты рельс артериясы солтүстікте өзбек территориясы арқылы, одан өтіп тәжік, одан кейін қайта өзбек және соңында Фрунзеге келердің алдында Қазақ КСР-нің территориясы арқылы өтеді. Ферғана алқабындағы жолдар да осылай өтетін. Мысалы, Қырғыз КСР-інің Баткен ауылынан Ош аймақтық орталығына жету Қырғыз КСР-інің таулы аймағымен жүргеннен гөрі Өзбек КСР-інің Қоқан қаласы арқылы жету оңай және қауіпсіз. Сол сияқты Қырғыз КСР-інің Ош қаласынан Жалал-Абад қаласына жету қырғыздың таулы Өзгенінен өткеннен қарағанда Өзбек КСР-інің Ксонабады арқылы жету тезірек және жолдары да сапалы. Көрші республикалардың

транспорт желісіне тәуелді ішкі әкімшілік бірліктер де құрылды. Қырғыз КСР-інің Араван аймағы Өзбек КСР-інің Мархамат қаласының маңындағы Ферғана облысымен екі сегментке бөлінген.

Экономика, транспорт және білім беру салаларында жоспарлау саясатын жүргізгенде шекараға мән бермей, есепке алмағандықтан, бір мемлекеттің өндірістік, қалалық, ауылшаруашылық жобалары және транспорттық жоспарлауы көрші республиканың территориясына оп-оңай өтетін. 1924-1927 жылдардағы шекараны белгілеу, делимитация жұмыстары мен одан кейінгі жылдардағы Ферғана алқабындағы өзгерістер екі мемлекет арасындағы әкімшілік шекараға мән берілмегендік сияқты шаралар нәтижесінде шекара мозайка сияқты шырмалған күйде құрылды. Бұл мұра 1991 жылы Кеңес Үкіметі ыдырағаннан кейін пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің халқына көптеген қиындықтар әкелді [7].

*1991–1998: халықаралық шекара.* 1991 жылы 17 наурызда Өзбек және Қырғыз КСР-лерінің халқы референдумда «КСРО-ны кез келген ұлттағы адамның құқықтары мен бостандықтары толық сақталатындығына кепіл берілетін тең құқылы егемен республикалардың жанартылған федерациясы ретінде сақтап қалуға» басым көпшілігі дауыс беріп, ортақ шекараларын халықаралық шекара деп есептеуден бас тартты. Алайда, Мәскеуде сәтсіз төңкеріс жасау әрекетінен кейін 31 тамыз күні Қырғыз КСР-і өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялады, келесі күні Өзбек КСР-і де өз тәуелсіздігін жариялады. Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің бұл декларацияларды мойындауы 26 желтоқсанда Кеңес Үкіметі өзін ресми ыдыратуына әкелді. Бұдан кейін Өзбек және Қырғыз КСР-лерінің арасындағы шекара қайта Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы халықаралық шекараға айналды [8].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шекараға мән берілмеді. Шекаралық және кедендік бекеттер салынғанымен, бақылау қызметі нашар және шекараны оңай кесіп өтуге болатын. Шекара маңында әлеуметтік және отбасылық байланыс мықты болды. Үйлену тойлары республикалық шекараны қыздың жүгі мен қонақтарды тасыған бірнеше үлкен, тойға арнап әсемделінген машиналармен байланыстыратын. Шекара маңындағы қасиетті жерлер (мысалы, Өзбекстанның шекара маңындағы Риштан қаласынан бірнеше метрдегі жатқан қасиетті жер, Ош қаласының орталығындағы Соломон

тауы және Қырғызстанның Ескі-Ноқат қаласының сыртында жатқан Сахоба қасиетті жері) Кеңес үкіметінен қалған автобус бағдарларымен және сол ескі автобустармен белгіленген маусымда құлшылық етушілерді қабылдап отырды. Ош қаласы аймағындағы өзбек мектептері жылдың соңында оқушылардың соңғы қоңырауын тойлау үшін оқушыларды Өзбекстанның әйгілі және өте ыңғайлы орналасқан Ксонабад саябағына апарып тойлайтын. Бұл ритуал 1999 жылы шекара жабылғанға дейін жыл сайын қайталанатын дәстүр болған [9].

Жерді игергенде Ферғана алқабы республикаларының әкімшілік шекараларына мән бермеген Кеңес үкіметінен мұраға қалған бұл шекаралық облыс сол кезде шекаралық географиясы шешілмей, шырмалған күйінде жатқан. Өзбекстанның Мархамат облысы Оштың Араван аймағының 6,885 гектар жерін пайдаланды. Және де Өзбекстан Қырғызстанның Қадамжой аймағында мұнай және газ өңдейтін зауыт салғаны үшін ешнәрсе төлемеген. 1994 жылы Қырғызстанның рұқсатынсыз Қырғызстан территориясында карбид өндіретін зауыт салу туралы шешім қабылдады. 1982 жылдың қаңтарындағы Сох су қоймасын салу туралы келісім бойынша су басып қалған Қара-Токой ауылына компенсация төленіп, басқа жерге көшірілуі тиіс балатын, алайда, компенсация ешқашан төленбеген. Жаңа халықаралық шекара әлем картасында пайда болғанмен, шекара маңындағы тұрғындар арасында шекара бұрынғыдай қала берді және тәжірибеге енгізілмеді. Алайда, шекара маңы 1991 жыл мен 1998 жылдың соңына дейінгі аралықтағы Өзбекстан мен Қырғызстанның саяси және экономикалық траекторияларындағы қайшылықтарға байланысты 1991 жылға дейін болған шекараға қарағанда біртіндеп өзгере бастады. Екі республика арасындағы экономикалық дамуда айырмашылықтар байқала бастады. Макромасштабты саяси және экономикалық өзгерістер біртіндеп жаңа шекаралық ландшафтың пайда болуына әкелді. Өзбекстан кеңес стилі бойынша мақта мен бидайдың өндірісі мен сатып алуды қолдады. Ал Қырғызстанда керісінше неолибералды экономикалық саясатты ұстану колхоздарды жауып, темекі сияқты тауар мәдениетін диверсификациялауды қолдады. Ауылшаруашылық ландшафтары біртіндеп азая берді [10]. 1993 жылы Өзбекстан Қырғызстан рубльдік зонадан шығып, өз валютасын жариялағаннан кейін Ферғана алқабына ресейлік рубльдің ағылуын тоқтату үшін Қырғызстанмен шекарасын ресми

түрде жапты. Бұл заңды тұрғыдан алғанда дұрыс емес еді, шекара күзетілді, алайда тауарлардың өтуін тоқтатпады. Өзбекстанда өз валютасын жариялады да шекаралық ландшафта валюта айырбастау пунктері пайда болды. Кеңес үкіметінің ыдырауынан кейін пайда болған экономикалық дағдарыс басқа да мүмкіндіктерді туғызды. Кәсіби квалификацияланған мамандар жалақылары азайғаннан кейін баға айырмашылығын пайдалану үшін трансшекаралық алыпсатар саудамен айналысты.

Алайда бұл үлкен саяси және экономикалық өзгерістер екі мемлекеттің арасындағы айырмашылықты толығымен көрсетпейтін. Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейін жаз кезінде уақытты бір сағатқа жылжыту тәжірибесінен бас тартса, Қырғызстан 2005 жылға дейін қолданып келді. Алқаптың тұрғындары жұмыс уақыттары мен автобустың кестесіндегі өзгерістерді өз беттерімен қадағалауға мәжбүр болды. 1995 жылы Өзбекстан кириллицадан латын әліпбиіне көшкеннен кейін шекараның екі жағындағы тас жол мен жолдың маңында әртүрлі сценарийда жазулар пайда болды. Өзбекстан Ош – Андижан шекарасындағы жер теліміне Қырғызстаннан қарағанда үнемі жаңарту жұмыстарын жүргізіп, бақылып отырды, шекарадан өткен кезде осы айырмашылық байқалады.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Ферғана алқабының тұрғындары бұрын бір мемлекеттің құрамында болған екі мемлекеттің арасындағы айырмашылықты байқай бастады. Мемлекеттік масштабтағы саяси және экономикалық үрдістердің айырмашылығы жаңа шекара маңындағы ландшафты құруда көрінді. Бұл жаңа азаматтыққа қатысты көрінді, алайда Қырғызстан мен Өзбекстан халқы 1990 жылдары әртүрлі мемлекетте тұрамыз деп есептемеді. Шынымен де 1998 жылғы оқиғадан 2000 жылға дейін Ферғана алқабы тұрғындарын ұлт және тәуелсіздік деген түсініктер толғандырмады [11].

#### *1998-2000 жылдардағы шекара дағдарысы.*

Шекара маңындағы өзгерістер 1998 жылдың қысынан 1999 жылдың жазы аралағында болған бірнеше оқиғаларға байланысты өрбіді. Қыста ең көгілдір отынның қажет кезінде Өзбекстан Қырғызстанға көгілдір отынның құнын төлемегендіктен халықаралық жеткізілімді мерзімді тоқтатып отырды. Бұл екі есе қиын болды. Көгілдір отынның ғана тапшылығы мен қымбатшылығы болмай, көгілдір отынның орнына электр жылытқыштар мен пештерді қолданғандықтан электр көзімен қамтамасыз етуде де қиындықтар

болды. 1999 жылдың 13 ақпанында Өзбекстан Президенті Ислам Каримов Ош – Андижан және де Ферғана алқабындағы басқа маңызды халықаралық автобус бағыттары тоқтайтынын мәлімдеді. Ол бұл тоқтатуларды Қырғызстан кедей мемлекет, Өзбекстан сол елдің азаматтарының жағдайын жақсартуға міндетті емес, күн сайын Андижанға бес мың адам келеді, олардың әрқайсысы нан сатып алатын болса, өзбектерге нан қалмайды деп түсіндірді. Бұл неолибералды экономикалық саясат ұстанатын Қырғызстанға нұқсан келтіру және де Өзбекстан өзінің мемлекет басқаратын экономикасын құтқару үшін жасалған әрекеті болатын. Сонымен бірге Өзбекстан өзінің шекарасына келетін лекті бақылау үшін басқа да саясатқа көшті [12].

Шекараның жабылуы Өзбекстан астанасы Ташкентте он алты адамның өмірін алып, мемлекетті дағдарысқа кенеген бірнеше жарылыстардан кейін тіпті күшейді. Үкімет сыртқы күштермен байланысы бар «діни экстремистер» мен «лаңкестерді» айыптады. Оларды көрші республикалар мен Таяу Шығыстағы мемлекеттердегі лаңкестік, экстремистік топтар қаржыландырады деп есептеді. Орталықтары консервативті Ферғана алқабы болды. Өзбекстан тез арада Қырғызстанмен шекарасын жапты. Бір апта бұрын жартылай ашылғаннан кейін шекарадағы қауіпсіздік күшейтілді. Көптеген жауынгерлер, шекара сақшылары және кеден қызметкерлері мемлекеттік шекараға апарылып, арнайы күш жасақтары шекараның қауіпті жерлеріне жеткізілді. Жаңа бақылау посттары құрылып, бұрыннан барлары жаңартылды [13]. Көп жерлерде өту пунктері жабылып, жолдар қазылып, көпірлер бұзылды. Бұл шаралар теледидардан көрші мемлекеттерден төнген қауіпке төтеп бере алатын, мықты президент басқаратын, Өзбекстанды көркейіп келе жатқан өзбектердің тарихи отаны ретінде мықты қылып көрсету арқылы елдегі ұлтшылдықты күшейту болып табылатын.

Шекараның жабылуы қырғызстандықтарға қатты әсер етті. Автобустардың тоқтауы көптеген тұрғындардың күнделікті өміріне зиянын тигізді. Әсіресе Ош пен Жалалабат аудандары сияқты шалғай аудандарда тұратындардың жағдайы тым ауыр болды. Шекараның жабылуы Қырғызстанды жолдарды бақылауға мәжбүр етті. Себебі Ферғана алқабындағы көптеген маңызды жолдар халықаралық шекараны қиып өтетін. Оштан шалғайда жатқан таулы Ләйлек пен Баткен аудандарына бару уақыты үш есеге ұзарды.

Өзбекстанның шекаралық режимі Қырғызстанның басты және жергілікті транспорт жүйесіне әсер етті. Мемлекеттің Бішкектен Жалалабатқа дейінгі басты теміржол артериясы тоқтап қалды. Бұл Өзбекстанның Қырғызстанның поездарына өзбек жерінде тоқтап, қосымша жолаушыларды алуына тыйым салғаннан кейін пайда болды. Ош – Жалалабат тас жолын пайдаланатын Өзбекстан арқылы өтетін жол қозғалысы қызметі жиі кедергілерге тап болып, тоқтап қалатын. Экономикалық әсер азық-түлік тауарларының қымбаттауымен білінді, себебі жергілікті нарыққа тәуелді ұсақ саудагерлердің түсімін жолға кететін ұзақ уақыт пен шенеуніктер тарапынан болатын жемқорлық азайтып отырды.

Ең басында Асқар Ақаев басқаратын Қырғызстан Үкіметі бұл оқиғаларға аса мән бермеді. Өзбекстанның жасап жатқан әрекеттеріне жауап беру ресурстардың жетіспеушілігінен не болмаса еріктің жоқтығынан болуы мүмкін. Кейбір шенеуніктер мемлекетте жеткілікті қаражат болғанда тәуелсіздігіміздің символы мемлекеттік шекарамызды реттейміз деп мәлімдейтін. Қырғызстанның саяси оппозициясы президент Ақаевты ешқандай әрекет жасамай отыр деп айыптады. Парламенттегі басқа депутаттар болса Өзбекстанның бұл әрекетін Қырғызстанға әскери басып кіру деп бағалап өзбектің қарулы күштері шекаралық посттарды жаулап алып, Қырғызстанның территориясын иемденіп жатыр деп хабарлаған. Олар сонымен бірге Өзбекстан бұрынғы Қырғыз КСР-імен келісім бойынша жалға алған Қырғызстан жерлерін қайтармай отырғандығын да көрсетеді. Алайда олар Қырғызстанның да Өзбекстан мен Тәжікстан жерлерін сол уақыттан бері пайдаланып келе жатқанын айтпады. Депутаттар шекара мәселесін Өзбекстанның Қырғызстанға деген күш көрсетуі және де президент Ақаев өзінің қарсыласына қарсы ешнәрсе істей алмай отыр деп түсіндірді. Сонымен қатар тартып алынған территорияны қайтару үшін қатаң шаралар қолдануды және Өзбекстанның көгілдір отынды жіберуін тоқтатқаны үшін трансшекаралық өзендердің суын жібермей жазалауды ұсынды. Президент Ақаев пен ұлттық оппозицияның арасындағы шекара мәселесі Қырғызстан бұқаралық ақпарат құралдарында ең көп талқыланды.

1999 жылы тамызда шиеленіскен қатынастар одан сайын ауырлады. Тәжікстан мен Ауғанистандағы лаңкестермен байланысы бар, Ферғана алқабына жер аударылған қылмыскерлермен басқарылатын лаңкестік топ Өзбекстанның

Ислам қозғалысы (ӨИЖ) Қырғызстанның оңтүстік Баткен және көрші аудандарына Тәжікстан территориясы арқылы басып кірді. Олардың басты мақсаттары Ферғана алқабында Ислам мемлекетін құру болатын. Қылмыскерлер қарашада Тәжікстанның таулы аймақтарына қашып кетпестен бұрын күзетілмей жатқан шекара арқылы еніп, Қырғызстанның әлсіз қарулы күштерімен қақтығысып тұтқынға адамдарды алып кетті. Өзбекстанның ұшақтары қателесіп қырғыздың Қара – Тейіт ауылын бомбылады. Өзбекстан шекарасын жапты, Қырғызстанмен шекарада бірнеше уақытша ішкі бақылау өткізу пункттері пайда болды [14].

Баткен дағдарысынан кейін Өзбекстан өзінің шекарасын күшейту үшін көптеген шараларға барды. Биліктегілер Ферғана алқабы шекарасының үлкен телімінің айналасына екі метрлі тікенекті сым орнатты. Зауыттарға қырғыз жұмысшыларын жұмысқа алмау туралы бұйрық берілді. Қырғызстандық этникалық өзбектерде Кувасойдағы өндіріс зауытынан қуылып, Қырғызстанда тұратындықтан сол елде жұмыс іздеулері керек болды. Миналар Сох анклавымен қоса шекараның оңтүстік бөлігінің бойымен қойылды. Миналы телімдерге бастапқыда ескертпе тақтайша ешнәрсе қойылмаған. Соның салдарынан бірнеше адам, мал жарылып қаза тапқан, көбі жараланған. Жараланғандарға және қаза тапқандарға компенсация төленбеген. 2000 жылдың 1 наурызында Президент Ислам Каримов басқа елдің азаматтары Өзбекстанда үш күннен артық болатын болса міндетті түрде виза алулары керек деген бұйрыққа қол қойды. Шекара жаңадан қоршалғандықтан шекара маңындағы тұрғандарға қауіпті және өте қымбат болды.

Қырғызстанда Баткен оқиғасынан кейінгі жағдайды жақсарту және Өзбекстанның шекараны жабу мәселесіне қатысты жауап беру үшін шаралар қолдана бастады. Қырғызстанның оңтүстігіндегі шекара жабылғаннан кейін ажырап қалған аудандарды қосу мақсатымен жолдар салу үшін ресурстар бөлінді. Президент Ақаев ланкестердің шабуылы кезінде ең көп зардап шеккен төрт облысты Ош облысынан бөліп, жаңа Баткен облысына қосты. Бұл шекара қауіпсіздігін күшейту үшін және аудандық орталыққа жету үшін бірнеше рет Өзбекстанның шекарасын кесіп өтпес үшін жасалды. Жеңілдету үшін Президент Ақаев Қырғызстан – Тәжікстан мемлекеттік шекарасының бақылаусыз жатқан 470 шақырымында жетпістен кем емес шекаралық посттар салу туралы жариялады [15].

Екі мемлекетте шекараға қатысты ешқандай дау жоқ және республикалар арасындағы қарым-қатынас жақсы деп мәлімдегенімен, Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекара бойындағы жергілікті қақтығыстар бұл мәлімдемелерге қайшы кеп отырды. Шекара маңы тұрғындарына шекара режимі қолайсыздықтар туғызып, экономикалық шығынға ұшыратты. Контрабандашылар шекаралық сатып алып не оларға бағынбай шекаралық бақылауды бұзып өтпекші болған факторлар тіркелген. Саудагерлер, қарапайым адамдар, мал, тіпті шекара сақшыларының өзі Өзбекстанның мина қойылған жерлерінде жарылған.

Бұл оқиғалар Өзбекстан мен Қырғызстанның саяси траекториясының өзгеруіне әкелді. Екі елдің халқы арасындағы қатынас нашарлады.

Жиырма бірінші ғасырдағы Өзбекстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасы 1999-2000 жылдардағы Ферғана алқабындағы шекаралық дағдарыстан кейін Қырғызстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасы сол қалпында қалды. Сол кездегі «Терроризммен әлемдік күрес» доктринасын жариялаған АҚШ сияқты халықаралық императивтер екі мемлекеттің қауіпсіздікке қатысты дискурсында шекараның орнын атап көрсетті [16]. Шекаралық бақылау тек Өзбекстан мен Қырғызстанның арасындағы ғана мәселе емес халықаралық ұйымдар мен мемлекеттердің (әсіресе АҚШ, Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Еуропалық Одақ) заңсыз есірткі саудасы мен ланкестік жүйемен күрес компаниясына айналды.

Бұл мәселелер халықаралық масштабтағы қауіпке жататыны белгілі болды. Сол себепті ТМД-ның қауіпсіздікке жауапты басшылары 2008 жылы қаңтарда Тәжікстанда ланкестік пен заңсыз есірткі саудасына қарсы шараларды талқылау және шекарадағы қауіпсіздікті нығайту үшін жиналды.

ТМД-ға қарасты 2006 жылдың тамызындағы «Марзбон» ланкестікке қарсы операцияларына Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанның қорғаныс, төтенше жағдай, шекара сақшылары, қауіпсіздік қызметі, есірткімен күрес агенттіктері және кеден бақылау қызметтері кірді.

Бұл жаңа халықаралық қауіпсіздік аджендасы 1998 – 2000 жылдардағы Ферғана алқабы шекара дағдарысы салдарымен сәйкес келіп және де 1990 жылдардағы осы аймақ арқылы Еуропаға есірткі келеді деген алаңдаушылықтардан кейін пайда болды. Осыдан кейін Орталық Азия

шекараларына жаңа халықаралық көмектің ағылғандығы анық. Америка Құрама Штаттары мен Ресей Федерациясы осы аталған екі республикалардың шекарасында контрабандамен күресу үшін көптеген әскери технологияның жеткізілуін қаржыландырды. Өзбекстан мен Қырғызстанның шекарасындағы тексеру пункттерін жаңарту үшін де АҚШ пен ЕО тарапынан көмек көрсетілді. Мысалы, 2007 жылдың сәуірінде Қырғызстанның кеден комитеті Өзбекстанмен шекарадағы Достық модернизацияланған тексеру пунктін ашты. 650,000 АҚШ долларын АҚШ-тың Мемлекеттік Департаменті Шекара қауіпсіздігіне жәрдем және экспортты бақылау бағдарламасы арқылы бөлді [17]. Бұл бағдарлама кеден қызметкерлері мен шекара сақшыларын көлік, байланыс құралдары, компьютер және радиоқабылдағыштармен қамтамасыз етті. Достық өткізу пункті де жартылай Халықаралық көші-қон ұйымы қаржысымен жаңартылды. Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Шекара Басқармасы (ВОМСА) Орталық Азия шекараларын бақылау жүйесін жақсартуға көмектесіп, инфраструктура, құрал-жабдық және тренингтермен қамтамасыз етті. Өзбекстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасы секюритизацияның аймақтық және халықаралық саясатына байланысты жаңа кеңістікте және жаңаша құрылды.

2007 – 2008 жылдары әлемде нанның бағасы өскендіктен Қазақстан сияқты бидай экспорттаушылар уақытша экспортқа тосқауыл қойды. Өзбекстанда ұн Қырғызстанға қарағанда қымбат және Қырғызстанда ұнның тапшылығы болғандықтан Президент Құрманбек Бакиев стратегиялық резервтен бидай шығаруды бұйырды. Алайда Оштағы басшылыққа көрші мемлекеттерге бидайды экспорттауға тыйым салынды. Мемлекеттердің әртүрлі экономикалық жағдайы мен шекараға қатысты ұстанымдары бірінші кезекте екі республиканың шекара маңында және шекараға тікелей тәуелді тұрғындарына қатты әсер етті. Осы факторлар шекарада қандайда бір түсініспеушілік, шиеленіс болатын болса, сол шиеленістің алғышарты еді.

Жиырма бірінші ғасырда шекараны құру кезінде 1998-2000 жылдардағы дағдарыс кезеңіндегідей жиі шиеленісті қақтығыстар орын алды. Екі мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдары бұл жағдайларды кеңінен таратты. Бұл қақтығыстар шекараны қиып өту қозғалысын бақылаушылардың қызметінің әртүрлілігінен туындайды. Қақтығыстың туына себепкер болғандардың бірі шекара құрылғаннан кейін бұ-

рынғы жайылымдары шекаралық облыс болып күзетілетін малшылар болса, екінші себепкерлер екі мемлекеттің арасындағы тауар құнының айырмашылығын пайдаланып күндерін көргілері келген кедей саудагерлер. Қақтығыстардың қатарына белгі қойылмаған миналанған жер телімдерінде жараланған Қырғызстанның азаматы мен қылмыскерді ұстау үшін шекараны қиып өткен шекара сақшылары арасындағы қақтығыста кіреді [18]. Қырғыз ақпарат құралдары Өзбекстан Қара – Суу шекаралық қаласын бөліп тұрған өзендегі көпірді бұзғаннан кейін осы өзенді кесіп өтпек болғанда қайтыс болған бірнеше адамның өлімі туралы жазды. Шекаралық тұрғындарға қалыпты жағдай болып кеткен полиция тарапынан қорқытулар мен жәбірлеулерді ақпарат құралдары көптеп тарататын.

2002 жылдың наурызында Өзбекстан мен Қырғызстан су ресурстары мен энергияны бірігіп пайдалану туралы келісімге қол қойды. 2004 жылы тамызда Өзбекстан Қырғызстанның бірнеше азаматтары жарылып қаза тапқан және жараланған, миналанған жер телімдерін зерттей бастады [19]. 2006 жылы қазанда Президент Құрманбек Бакиевтің Өзбекстанға ресми сапарында Президент Ислам Каримовпен бірге екі мемлекеттің азаматтарына арналған алпыс күндік визаны қайта енгізу туралы келісімді жариялады. Құрманбек Бакиев өз сөзінде: «Қырғызстан мен Өзбекстанда ауа, су, Құдай, тіл біреу. Сондықтан өзбектер мен қырғыздар ешқашан бөлінбеуі тиіс. Олар бірге тұруы және өркендеуі керек» деп мәлімдеді. Бұл келісім ратификацияланып, күшіне енді.

Өзбекстан мен Қырғызстанның мемлекеттік шекарасының делимитациялануы мен демаркациялануы екі мемлекеттің үкіметтерінің жұмысының нәтижесі. Алайда Өзбекстан мен Қырғызстандағы саяси топтар 1998 жылғы шекаралық мәселені ішкі билікке тартыста өз пайдаларына шешкілері келді. 2000 жылы құрылған комиссия дауды шешуге кірісті. Анклав мәселесі ең қиын мәселелердің бірі болды. Қырғыз тарапы 1955 жылғы Қырғыз КСР мен Өзбек КСР-лері арасындағы паритетті комиссияның жұмыс тобының нәтижесі негізінде мемлекеттік шекараны құруды ұсынса, өзбек тарапы 1924-1927 жылдардағы құжаттарды негізге алуды қалайды.

Екі мемлекеттің құжаттарға қатысты дауларына қарамастан комиссияның жұмысы нәтижелі болды. 2004 жылы ақпанда Қадамжой – Сох секциясы бойындағы 7,5 шақырым делимитацияланса, 2006 жылы қарашада 2,5 шақы-



рымы делимитацияланды. 2009 жылға дейін мемлекеттік шекараның 1375 шақырымының 80 пайызға жуығы делимитацияланды.

Мемлекеттік шекара құру кезінде бірнеше жазықсыз саударгерлер мен малшылардың өлімі және саяси ұлтшылдық болса да, шекара комиссиясы құрылып, визалық режим орнап, миналанған жер телімдері тазартылды. 2006 жылы маусымда өзбек ақпарат құралдары Өзбекстанның жиырма алты жастағы азаматын Қырғызстан шекара қызметкері Өзбекстанның Наманған облысында атып тастағандығы туралы ақпарат таратты. Сол кезде Наманған ауданында шекара комиссиясының басқа отырысы ашылған болатын. Бұл қақтығыс пен отырыс бір уақытта орын алды. Бұл екі үрдіс шекара қандай жағдай болмаса да құрылғандығын көрсетеді [20].

2016 жылдың 18 наурызында республикалар арасында жаңа конфронтация болды. Бұл күні Өзбекстан шекараның даулы бөлігі Джалаабат облысының Чаласарт мекеніне екі БТР, екі ауыр жүк тасымалдаушы көлік және 40-қа жуық әскерилерді енгізді. Кербен-ала-бука автожолы бөлігінде блокпост орнатып, «Достық-автомарожный» және «мәдениет-автомарожный» БӨП арқылы өтуді шектеді. Ташкент наурызды тойлау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы шаралар ұйымдастырылды деп мәлімдеді.

Қырғызстанның мемлекеттік шекаралық қызметі өзбек тарапының бұл әрекетін шекараны бұзу деп қарастырды. Бішкек ауыр техника

мен әскерилерді шекарадан алуды талап етіп, шекарадағы бақылауды күшейтіп, «Баймақ-автомарожный», «Кенсай-автомарожный» және «Қадамжай-автомарожный» БӨП арқылы өзбек азаматтарын өткізуді тоқтатты.

Қырғызстан президенті А.Атамбаев ҰҚШҰ-дан дауды шешу үшін көмек сұрады. Бұл жағдайды шешу үшін ҰҚШҰ араласты. 2016 жылдың 25 наурызында Мәскеуде ұйымның Тұрақты кеңесінің кезектен тыс отырысы өтіп, Өзбекстан мен Қырғызстанның шекара қызметі басшыларымен келіссөздер жүргізілді. 26 наурызда Өзбекстан әскери техникасы мен әскерилерін әкетті. Екі мемлекеттің шекара қызметкерлері қалыпты штатты режимге көшті.

Алайда екі мемлекеттің шекара маңындағы жағдай ауыр. Қырғызстан мен Өзбекстанның 25 жыл бойы қарым-қатынасына нұқсан келтіріп келе жатқан мәселе шешілер емес. Қарамақайшылықты әр тараптан жергілікті ұлтшылдар, радикалдар, оппозиция және соларға қатысты БАҚ ушықтырады [21].

Қорытындылай келе, КСРО ыдырағаннан кейін мұраға қалған шекара мәселесі барлық Орталық Азия мемлекеттеріне зиянын тигізді. Бұл мұра мысалы Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынасты да тежейді. Мемлекеттер арасындағы шекара мәселесі шешілмей аймақтағы интеграциялық үрдістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар, аймақтық қауіпсіздік жүйесі де әлсіз болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Центральная Азия в составе Российской империи. – М.: Новое литературное обозрение, 2008. – С. 25-26.
- 2 Charles Shaw (2011) Friendship under lock and key: the Soviet Central Asian border, 1918–34, *Central Asian Survey*, 30:3-4, 331-348, DOI: 10.1080/02634937.2011.607966
- 3 Сташук Ю.В. Особенности проявления пограничных противоречий между центральноазиатскими странами СНГ // *Псковский региональный журнал*. – 2011. – № 12. // <http://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-proyavleniya-pogranichnyh-protivorechiy-mezhdu-tsentralnoaziatskimi-stranami-sng>
- 4 Абашин С. Национальное размежевание в Ферганской долине: как все начиналось // <http://www.idmedina.ru/books/islamic/?4695>
- 5 Rahimov M. Urazaeva G. *Central Asian Nations & Border Issues // Central Asian Series*. – 2005. – 05/10. 9// <http://www.isn.ethz.ch/Digital-Library/Publications/Detail/?lang=en&id=92527>
- 6 Таштемханова Р.М. Игимбаева М.С. Территориальный фактор государств Центральной Азии и проблемы региональной безопасности // *Bulletin Deurotalent-fidjip*. – 2014. – №2.
- 7 Reeves M. Fixing the border: on the affective life of the state in southern Kyrgyzstan. *Environment and Planning D: Society and Space* 2011, volume 29.
- 8 Sengupta A. Image and Influence: The Politics of Nation-Branding in Uzbekistan. *Swedish research institute in Istanbul Stockholm & Istanbul* 2014. – Vol. 5. – P. 92-93.
- 9 A New Phase in the History of the Ferghana Valley, 1992–2008 Baktybek Beshimov (Kyrgyz Republic), with Pulat Shozimov (Tajikistan) and Murat Bakhadyrov (Uzbekistan). *Ferghana Valley: the heart of Central Asia*. M.E. Sharpe Armonk, New York London, England. – P. 207-209.
- 10 Megoran N. The Borders of Eternal Friendship: Kyrgyz-Uzbek Relations in 1999 // <http://www.eurasianet.org/departments/insight/articles/eav121399.shtml>
- 11 Dadabaev T. Securing Central Asian Frontiers: Institutionalization of Borders and Inter-state Relations, *Strategic Analysis*. // <http://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/09700161.2012.689526?journalCode=rsan20>

- 12 Megoran N. The critical geopolitics of the Uzbekistan–Kyrgyzstan Ferghana Valley boundary dispute, 1999–2000. *Political Geography* 23 (2004) 731–764.
- 13 Reeves M. Gaps: Working a «Chessboard» Border. *Border Work. Spatial Lives of the State in Rural Central Asia*. Cornell University Press. – P. 224-226.
- 14 Трофимов Д. К вопросу об этнотерриториальных и пограничных проблемах в Центральной Азии // [http://www.ca-c.org/journal/2002/journal\\_rus/cac-01/07.trofru.shtml](http://www.ca-c.org/journal/2002/journal_rus/cac-01/07.trofru.shtml)
- 15 Allison, Roy, Jonson, Lena. *Central Asian security: internal and external dynamics*. Central Asian security: the new international context. Brookings Inst. Press/Chatham House; First Edition (April 1, 2001). – P. 256-258.
- 16 Шустов А. Горячие границы ЦА. Рубежи между странами становятся очагами конфликтов//[www.stolitie.ru/](http://www.stolitie.ru/)
- 17 Мамбеталиев И. Проблемы узбекско-кыргызской границы в освещении СМИ Киргизии//Многомерные границы ЦА / под ред. М. Олкотт и А. Малашенко – М., 2000. – С. 29-30.
- 18 Мусаев Б. Узбекистан: региональная безопасность и социально опасные тенденции развития общества//[ca\\_s.org/journal/cac-092000/13.musaev.shtml](http://ca_s.org/journal/cac-092000/13.musaev.shtml).
- 19 Олимов М., В.В. Бартольд о национальном размежевании в Средней Азии // [http://www.ca-c.org/datarus/st\\_13\\_olimov.shtml](http://www.ca-c.org/datarus/st_13_olimov.shtml)
- 20 Рахимов М. Межгосударственные границы и проблемы безопасности в Центральной Азии // <http://ia-centr.ru/expert/3934/>
- 21 Магнитова А.С. Пограничный конфликт Узбекистана и Киргизии должен разрешиться при участии России // [http://riss.ru/analytics/29139/?\\_utl\\_t=fb](http://riss.ru/analytics/29139/?_utl_t=fb)

### References

- 1 Central'naja Azija v sostave Rossijskoj imperii. – М.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2008. – S. 25-26.
- 2 Charles Shaw (2011) Friendship under lock and key: the Soviet Central Asian border, 1918–34, *Central Asian Survey*, 30:3-4, 331-348, DOI: 10.1080/02634937.2011.607966
- 3 Stashhuk Ju. V. Osobennosti projavlenija pograničnyh protivorečij mezhdú central'noaziatskimi stranami SNG // Pskovskij regionologičeskij žurnal. – 2011. – № 12. //<http://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-projavleniya-pograničnyh-protivorečij-mezhdú-tsentralnoaziatskimi-stranami-sng>
- 4 Abashin S. Nacional'noe razmezhevanie v Ferganskoj doline: kak vse nachinalos'. <http://www.idmedina.ru/books/islamic/?4695>
- 5 Rahimov M. Urazaeva G. Central Asian Nations & Border Issues // *Central Asian Series*. – 2005. – 05/10. 9// <http://www.isn.ethz.ch/Digital-Library/Publications/Detail/?lang=en&id=92527>
- 6 Tashtemhanova R.M. Igimbaeva M.S. Territorial'nyj faktor gosudarstv Central'noj Azii i problemy regional'noj bezopasnosti. *Bulletin Deurotalent-fidjip*, 2014. – №2.
- 7 Reeves M. Fixing the border: on the affective life of the state in southern Kyrgyzstan. *Environment and Planning D: Society and Space* 2011, volume 29
- 8 Sengupta A. Image and Influence: The Politics of Nation-Branding in Uzbekistan. Swedish research institute in Istanbul Stockholm & Istanbul 2014. – Vol. 5. – P. 92-93
- 9 A New Phase in the History of the Ferghana Valley, 1992–2008 Baktybek Beshimov (Kyrgyz Republic), with Pulat Shozirov (Tajikistan) and Murat Bakhadyrov (Uzbekistan). *Ferghana Valley: the heart of Central Asia*. M.E. Sharpe Armonk, New York London, England. – P. 207-209
- 10 Megoran N. The Borders of Eternal Friendship: Kyrgyz-Uzbek Relations in 1999. <http://www.eurasianet.org/departments/insight/articles/eav121399.shtml>
- 11 Dadabaev T. Securing Central Asian Frontiers: Institutionalization of Borders and Inter-state Relations, *Strategic Analysis*. // <http://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/09700161.2012.689526?journalCode=rsan20>
- 12 Megoran N. The critical geopolitics of the Uzbekistan–Kyrgyzstan Ferghana Valley boundary dispute, 1999–2000. *Political Geography* 23 (2004) 731–764.
- 13 Reeves M. Gaps: Working a «Chessboard» Border. *Border Work. Spatial Lives of the State in Rural Central Asia*. Cornell University Press. – P. 224-226
- 14 Trofimov D. K voprosu ob jetnoterritorial'nyh i pograničnyh problemah v Central'noj Azii // [http://www.ca-c.org/journal/2002/journal\\_rus/cac-01/07.trofru.shtml](http://www.ca-c.org/journal/2002/journal_rus/cac-01/07.trofru.shtml)
- 15 Allison, Roy, Jonson, Lena. *Central Asian security: internal and external dynamics*. Central Asian security: the new international context. Brookings Inst. Press/Chatham House; First Edition (April 1, 2001). – P. 256-258.
- 16 Shustov A. Gorjachie granicy CA. Rubezhi mezhdú stranami stanovjatsja ochagami konfliktov//[www.stolitie.ru/](http://www.stolitie.ru/)
- 17 Mambetaliev I. Problemy uzbejsko-kyrgyzskoj granicy v osveshhenii SMI Kirgizii//Mnogomernye granicy CA, pod red. M. Olcott i A. Malashenko – М., 2000. – С. 29-30.
- 18 Musaev B. Uzbekistan: regional'naja bezopasnost' i social'no opasnyje tendencii razvitija obshhestva//[sa\\_s.org/journal/cac-092000/13.musaev.shtml](http://sa_s.org/journal/cac-092000/13.musaev.shtml).
- 19 Olimov M., V.V. Bartol'd o nacional'nom razmezhevanii v Crednej Azii. [http://www.ca-c.org/datarus/st\\_13\\_olimov.shtml](http://www.ca-c.org/datarus/st_13_olimov.shtml)
- 20 Rahimov M. Mezghosudarstvennyje granicy i problemy bezopasnosti v Central'noj Azii. <http://ia-centr.ru/expert/3934/>
- 21 Magnitova A.S. Pograničnyj konflikt Uzbekistana i Kirgizii dolzhen razrešit'sja pri uchastii Rossii. [http://riss.ru/analytics/29139/?\\_utl\\_t=fb](http://riss.ru/analytics/29139/?_utl_t=fb)